

Индер ауданының салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін (К айм) бекіту туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 207 қаулысы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) сәйкес, Индер ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Индер ауданының салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері (К айм) бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Аудан әкімі

С. Нсанбаев

Индер ауданы
әкімдігінің 2025 жылғы
"30" қазандағы № 207
қаулысына қосымша

Индер ауданының салық салу объектісінің елді мекендерінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Елді мекеннің атауы	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
1	Индербор кенті	I аймақ	1,95
		II аймақ	1,65
		III аймақ	1,65
		IV аймақ	1,65
		V аймақ	1,5
2	Бөдене ауылдық округі	Бөдене ауылы I аймақ	1,45
3	Жарсуат ауылдық округі	Жарсуат ауылы I аймақ	1,45
		Құрылыс ауылы I аймақ	0,15
		Қызылжар ауылы I аймақ	0,10

		Кетебай ауылы I аймақ	0,10
4	Елтай ауылдық округі	Елтай ауылы I аймақ	1,45
		Аққала ауылы I аймақ	0,15
5	Есбол ауылдық округі	Есбол ауылы I аймақ	1,45
		Ынтымақ ауылы I аймақ	0,15
6	Өрлік ауылдық округі	Өрлік ауылы I аймақ	1,45
7	Көктоғай ауылдық округі	Көктоғай ауылы I аймақ	1,45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК